



Автор: Тумурзинова Алмагуль Бердешовна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Табиғи құбылыстар

Тақырып: Біз қиялдай аламыз. Толағай Ә.Тәжібаев

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	«Толағай» әдеби ертегісінің мазмұны мен идеясын ұғыну, әдеби ертегіні халық ертегісінен ажырата білуге үйрену, талдай білу, өзіндік ойын дәлелдеу тұжырымдай білу, жетелеу, мәнерлеп оқуға машықтану.
Сабақтың мақсаты:	«Толағай» әдеби ертегісінің мазмұны мен идеясын ұғыну, әдеби ертегіні халық ертегісінен ажырата білуге үйрену, талдай білу, өзіндік ойын дәлелдеу тұжырымдай білу, жетелеу, мәнерлеп оқуға машықтану.
Тілдік мақсаттар:	Саржан, Айсұлу, Толағай, жолбарыс т.б.
Күтілетін нәтиже:	ертегі-дастанды түсініп оқиды, әңгімелейді - Толағай бейнесін басқа ертегідегі кейіпкермен салыстыру - Толағай» әдеби ертегісін құрылысына талдау жасау
Бағалау критерийлері:	Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау .Смайликтер арқылы өзін-өзі бағалау
Құндылықтарды дарыту:	Туған жерге тағзым. Еліне деген сүйіспеншілік
АКТ-ны қолдану дағдылары:	"Толағай" мультфильмі
Пәнаралық байланыс:	Математика, қазақ тілі, дүниетану
Бастапқы білім:	«Қарды қағып ал» ойыны арқылы үй тапсырмасына шолу

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Бүгін өтетін тақырып неге байланысты болады деп ойлайсыңдар? -Ол үшін кестелер беріледі, соны шешу арқылы жаңа тақырыпқа шығамыз 1-қатар. Сандарды өсу ретімен орналастырсаңдар, автордың аты шығады.	
Сабақтың ортасы (27 минут)	« Толағай» ертегі дастанын кезекпен оқу, мазмұндау, жоспар құру. 1. Ерекше өскен Толағай 2. Толағайдың еліне жасаған көмегі 3. Елі үшін құрбан болған Толағай. Әр қатар өзіне берілген бөлімді мазмұндап болған соң, ерлік, батырлық, Отан туралы мақал - мәтел айтқызу. Мысалы: Отан үшін отқа түс күймейсің. Ер ел үшін туады, елі үшін өледі. « Кубизм» әдісі I. Мінездеу. (Толағайға мінездеме беру) II. Салыстыру (Толағай бейнесін басқа ертегідегі кейіпкермен салыстыру) III. Бейнелеу (Ертегіден ұнаған тұсының суретін салу) Мінездеу Мінезі Қай оқиға тұсында Батыл, өжет Тауды көтеріп әкелуі Салыстыру. Венн диаграммасы Ортақ қасиеттері	
Сабақтың соңы (5 минут)	«Автор орындығы» Мұғалім сөзі: Оқушылар, ортадағы мына отырғыш автор орындығы деп аталады. Бұнда Толағай бейнесіне еніп, оқырмандар қойған сұраққа Толағай болып жауап беруіміз керек. Қане, кім Толағай болғысы келеді?	
Рефлексия (3 минут)	Кері байланыс "Бағдаршам" әдісі	